

Қазақстан Республикасының зейнетақы қорына қаражат жинауды қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 16 мамыр N 840. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.07.21. N 985 қаулысымен

Қазақстан Республикасының зейнетақы қорына сақтандыру жарнасының қаражаты түсуінің уақтылығы мен толықтығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жергілікті салық қызметі органдары үшін 1997 жылға арналған республикалық бюджетте мемлекеттік органдарды ұстауға көзделген қаржының шегінде, қосымшаға сәйкес штаттық саны 805 бірлікке көбейтілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі органдары сақтандыру жарналары мен Қазақстан Республикасының зейнетақы қорын құратын басқа аударымдардың уақтылығына және толықтығына бақылау жасауды жүзеге асыруға жан-жақты жәрдем көрсетсін.

3. Облыстар мен Алматы қаласының әкімдері:

Қазақстан Республикасының зейнетақы қорына сақтандыру жарналарының әрбір төлеуші бойынша уақтылы және толық түсуін қамтамасыз ететін қажетті шаралар қабылдасын;

1997 жылдың II тоқсанының ішінде тұратын жеріне және әкімшілік-аумақтық бірлігіне қарамастан зейнеткерлерге зейнетақы төлеу мерзімдерін теңестірсін.

4. Төлеушілер Қазақстан Республикасының зейнетақы қорына сақтандыру жарналарын аудару тәртібін бұзғаны үшін заңдарда белгіленген тәртіппен жауапты болады.

5. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мен Қаржы министрлігінің салық комитеті:

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізсін;

тоқсан сайын 1997 жылға арналған Қазақстан Республикасының зейнетақы қоры бюджетінің орындалуы туралы қаржылық есеп берулердің қорытындысы бойынша баланстық комиссиялар жүргізсін, қажет болған жағдайда Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының облыстық бюджеттеріне өзгеріс енгізсін.

6. Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің салық қызметі органдарына 1997 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша салық төлеушілердің есебі мен Қазақстан Республикасының зейнетақы қорына қаржының түсуі жөніндегі қажетті ақпараттық базаны, материалдар мен құжаттарды берсін.

- осы қаулыны атқару жөнінде өзге де қажетті шаралар қабылдасын.

7. "Облыстар мен Алматы қаласы әкімдері аппаратының үлгілік

құрамы, олардың дербес атқарушы органдарының тізбесі, қызметкерлерінің жалпы санының лимиттері, қызметтік жеңіл автомобильдерінің саны, еңбекақы қоры және қызметтік іссапарларға арналған шығындар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 31 желтоқсандағы N 1742

P961742_

қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 3-қосымшасында:

"Облыстың басқа бөлімдері мен басқармалары" және "Облыс бойынша барлығы" деген бағандардағы

"1113 2000	"1072 1959
987 2026	948 1987
853 1842	824 1813
585 1125	562 1102
1331 2289	1287 2245
1049 2161	1007 2119
726 1404	685 1363
1056 2021	1017 1982
1351 2442	1281 2372
734 1398	711 1375
850 1971	806 1927
1500 2823	1450 2773
450 859	430 839
1080 2247	1029 2196
733 1499	702 1468
940 1899	902 1861
698 1643	662 1607

671 1319

644 1292

1293 2695

1241 2643

834 1232

769 1167

18834 36895" деген сандар 18029 36090" деген сандармен
ауыстырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1997 жылғы 16 мамырдағы
N 840 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
салық қызметі жергілікті органдарының облыстар
бойынша қосымша штаттық саны

Облыс	Қызметкердің саны
Ақмола	41
Ақтөбе	39
Алматы	29
Атырау	23
Шығыс Қазақстан	44
Батыс Қазақстан	39
Жамбыл	42
Жезқазған	41
Қарағанды	70
Қызылорда	23
Көкшетау	44
Қостанай	50
Маңғыстау	20
Павлодар	51
Солтүстік Қазақстан	31
Семей	38
Талдықорған	36

Торғай	27
Оңтүстік Қазақстан	52
Алматы қаласы	65
Барлығы	805

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК